23288333834

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 18 желтоқсан №4399-25-00-2а/1361 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында

төрағалық етуші судья С.Н.Жуынтаева,

судьялар С.Б.Абызбаева мен Н.Б.Еламанов,

талап қоюшының өкілі Н.А.Алдабергенованың,

жауапкердің өкілі О.Х.Батырбековтың қатысуларымен ашық сот отырысында

талап қоюшы «Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Astana 2020» атауымен әрекет етуші Рабат Мисирович Косназаровты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы электрондық форматтағы азаматтық істі жауапкердің Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 14 қазандағы шешіміне берген апелляциялық шағымымен қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы сотқа берген талап қоюында жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 14 қазандағы шешімімен талап қою қанағаттандырылған, жеке кәсіпкер «Astana 2020» атауымен әрекет етуші Рабат Мисирович Косназаров мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға шешім еткен.

Сот шешімімен келіспеген жауапкер апелляциялық шағым беріп, онда бірінші саты соты шешімінің күшін жоюды, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру туралы жаңа шешімді шығаруды сұраған.

Сот алқасы жауапкер өкілінің апелляциялық шағымды қолдаған, талап қоюшы өкілінің сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған түсініктемелерін тыңдап, істегі дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық шағым уәждерін талқылап, сот шешімі заңды әрі негізді қабылданғандықтан өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп тапты.

Бірінші саты соты шешім қабылдағанда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 427-бабының 1-бөлігінде көрсетілген, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болатын заңбұзушылықтарға жол бермеген.

Құжатқа қол қойылған: Жұынтаева С. Н., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Абызбаева С. Б., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2025

Іс құжаттарына қарағанда, 2025 жылдың 22 тамызында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) араларында №56 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 749 749 теңгеге қала тұрғындары (діни бірлестіктер) араларында кіші футболдан «Теңбіл доп» турнирін ұйымдастыру қызметтерін шарт қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қосымшасында бекітілген сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігіне сай Өнім беруші шартқа қол қойғаннан кейін 16 күнтізбелік күннен кешіктірмей жарыстың өткізілетін мерзімі және орны туралы егжей-тегжейлі жоспар әзірлеу және тапсырыс берушінің келісімін ала отырып, бекіту, турнирдің өткізілуіне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізілетін турнирдің бағдарламасын, төрешілер туралы резюме, жарысқа қажетті материалдарды сатып алу, қызметтік хат ұсыну арқылы тапсырыс берушінің келісімін алу, спорттық шара өтетін орын мен екі төрешіні шақыруды қамтамасыз ету, жарыс өткізілетін алаңға баннер ілу, алғыс хат, кубок, су, жарнама, медаль алу, қаржылай сертификатттар беру, бұқаралық ақпарат құралдарына кем дегенде бір басылымға жарыс туралы жарияланым жариялау, техникалық ерекшелікте сұралған құжаттарының тізбесін, жұмысты орындау актісін, қаржылық және шығармашылық құжаттамасын ұсынып, түптелген түрде көшірмесімен бірге тапсыру және HD форматтағы бейне-фото түсіріп, флеш-картасында тапсыру міндеттелген.

Шарт 2025 жылдың 22 тамызында қазынашылық органында тіркелген.

Тиісінше, Өнім беруші аталған қызметтерді 2025 жылғы 7 қыркүйекке дейін орындауға тиіс болған.

Жауапкер тарапы шарттың техникалық ерекшелігінде көзделген талаптарды тиісінше орындамағандығы, атап айтқанда, шартқа қол қойғаннан кейін 16 күнтізбелік күннен кешіктірмей жарыстың өткізілетін мерзімі және орны туралы егжей-тегжейлі жоспар әзірлеу және тапсырыс берушінің келісімін ала отырып, бекіту, турнирдің өткізілуіне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей төрешілер туралы резюме беру, турнир жеңімпаздарына қаржылай сертификатттар беру, бұқаралық ақпарат құралдарына кем дегенде бір басылымға жарыс туралы жарияланым жариялау, техникалық ерекшелікте сұралған құжаттарының тізбесін, жұмысты орындау актісін, қаржылық және шығармашылық құжаттамасын

4399-25-3-2/1363

Құжатқа қол қойылған: Жұынтаева С. Н., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Абызбаева С. Б., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2025

ұсынып, түптелген түрде көшірмесімен бірге тапсыру және HD форматтағы бейне-фото түсіріп, флеш-картасында тапсыру қызметтері орындалмаған.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Бірінші саты соты жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағанын анықтап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп негізді әрі заңды таныған.

Сонымен бірге, бірінші сатыдағы сот талап қою заңда көзделген мерзімде, тыйым салынған 30 күн мерзімді өткізбей берілгенін анықтаған.

АПК-ның 426-бабының 2-бөлігіне сәйкес жаңа дәлелдердің болмауына байланысты апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылған кезде қаулының уәждеу бөлігінде бірінші сатыдағы соттың шешіміне өзгерістер енгізу не оның күшін жою үшін осы Кодексте көзделген негіздердің жоқ екендігі ғана көрсетіледі.

Апелляциялық шағымда жаңа дәлелдер көрсетілмеген, сол себепті, жоғарыдағылар негізінде сот алқасы сот шешіміне өзгеріс енгізуге немесе оның күшін жоюға негіз болатын заңды негіздер анықталмағандықтан, сот шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп тапты.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын, 426, 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 14 қазандағы шешімі өзгеріссіз, жауапкер жеке кәсіпкер «Astana 2020» атауымен әрекет етуші Рабат Мисирович Косназаровтың апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар мен олардың өкілдері, прокурор АПК-нің 434-436, 440, 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан

Республикасының Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотына кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші С.Н.Жуынтаева

Судьялар С.Б.Абызбаева

Н.Б.Еламанов

Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Абызбаева С. Б., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2025
4399-25-3-2/1363

Құжатқа қол қойылған: Жұынтаева С. Н., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Абызбаева С. Б., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

4399-25-3-2/1363

Құжатқа қол қойылған: Жұынтаева С. Н., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Абызбаева С. Б., 26.12.2025
Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2025

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911